«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына түсіндірме жазба

Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі.

Тиісті нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкімет басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, заң жобасын қабылдау үшін негіздер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері: Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 6 қазандағы №1038 Жарлығымен бекітілген Қаржылық мониторингті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 8-тармағын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 1206 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының қаулысымен бекітілген 6-тармағын орындау мақсатында.

Заң жобасының мақсаттары, міндеттері және негізгі ережелері:

Қазақстан Республикасы 2023 жылы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының ұсынымдарына (бұдан әрі – ФАТФ ұсынымдары) сәйкес келуіне Өзара бағалау рәсімінен өтті, оның барысында КЖ/ТҚҚ жүйесі және ФАТФ ұсынымдарына сәйкестігі бағаланды.

ФАТФ талаптарын сақтау БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1617 (2005) қарарына сәйкес БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер үшін міндетті болып табылады.

Қазіргі уақытта заң жобасы заңнамалық түзетулерге ұсыныстар бойынша бірнеше блоктарды қамтиды. Келесі түзетулер көзделеді, соның ішінде:

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл Қылмыстық жолмен алынған және терроризмді қаржыландыру, діни және әкімшілік жауапкершілікті белгілеу туралы Қазақстан Республикасының Президентіне жыл сайынғы Ұлттық баяндама қалыптастыру және ұсыну;

күдікті қызмет туралы хабарламаларды жолдау бойынша міндеттерді енгізу;

Қазақстан Республика заңнамасының талаптарын сақтауы бөлігінде зергерлердің өз мүшелердің қызметін реттеу және қызметін бақылау;

операцияларға ғана емес, басқа мәліметтерге де қатысты ақпарат ұсынудың ҚМА сұранысы бойынша ҚМС міндетін белгілеу;

DOC ID KZOC15K202400009216FB30218
Электронный документ подписан в Documentolog Business

DOC ID KZOC15K202400009216FB30218

операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың болуына қарамастан қаржылық мониторингке жататын СФМ-нің websfm.kz (жеке кабинетте) сайтта тіркелу міндеттемесі;

жер қойнауын пайдаланушылар үшін шекті соманы ұлғайту және зергерлік ұйымдарға арналған шекті соманы азайту;

ҚР ҰБ-да тазартылған алтынды өткізу мәмілелерін және бағалы металдардың эталондық үлгілерін сатып алу;

қаржылық лизинг шарты бойынша клиент қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар бойынша шекті белгілеу;

бухгалтерлік ұйымдардың, кәсіби бухгалтерлердің қызметін бастау және тоқтату туралы хабарлама тәртібін реттеу;

мемлекеттік «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы, ұялы байланыс операторлары, тауар биржаларының клирингтік орталықтары, қор биржаларының клирингтік орталықтарын қаржы мониторингінің жаңа субъектілерін енгізу;

КЕҰ-ның мәлімделген және нақты қызметі арасындағы сәйкессіздіктерге бақылауды күшейту.

Жоба қабылданған жағдайда болжанатын салдар:

Заңның қабылдануы теріс әлеуметтік экономикалық және (немесе) құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Күтілетін нәтижелердің мерзімі:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 6 қазандағы №1038 Жарлығымен бекітілген Қаржылық мониторингті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес 2024 жылғы 3 тоқсан.

Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда – Республикалық бюджет комиссиясының шешімі: бюджеттен шығыстар әкеп соқпайды, заң жобасы бойынша қаржылық қамтамасыз ету талап етілмейді.

Егер заң жобасы кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын болса, заңның қолданысқа енгізілуіне байланысты кәсіпкерлік субъектілері шығындарының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптардың нәтижелері: кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жағымсыз салдарлар, оның ішінде осы заңның қабылдануына байланысты шығыстар белгіленбеген.

DOC ID KZOC15K202400009216FB30218

DOC ID KZOC15K202400009216FB30218
Электронный документ подписан в Documentolog Business

Квитанция о подписании

Основная информация

DOC ID	KZOC15K202400009216FB30218
Тип документа	Входящее письмо
Тема	в РНП, РКА и палаты по АФМ
Статус	Поступивший
Рег. Номер:	
Рег. Дата:	
Дополнительные данные	Исх. дата: 21.06.2024 Исх. номер: 9-1-9-/5318-И
Количество страниц	290
Подписи	2

Информация об отправителе

Отправитель	Министерство юстиции Республики Казахстан

Информация о получателях

Получатель 1	Республиканская нотариальная палата, 000340002978, Казахстан

Информация о подписантах

Подписал(а)	КАЛИМОВА ВЕНЕРА
Компания	Министерство юстиции Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIISgAYJ...RoaVD4lx/
Дата подписания	21.06.2024 12:17

Подписал(а)	МАДРЕЙМОВА МАХПАЛ
Компания	Министерство юстиции Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIISzgYJ.../iC27F/Yp
Дата подписания	21.06.2024 12:22

DOC ID KZOC15K202400009216FB30218